

## НИЖНИЙ НОВГОРОД ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН МООСАО БАЙҚАУ- КОНКУРСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

МООСАО – аймақ аралық қоғамдық ұйымының көмегімен сәулет білімі биыл дизайн және өнер бойынша үздік бітіруші біліктілік жұмыстарының XXVIII Халықаралық байқау-конкурсын өткізді. Еліміздің сәулет жоғары оқу орындары мен факультеттерінің үздік дипломдық жобаларының жыл сайынғы бүкілодақтық байқау-конкурсын 1970 жылдары КСРО Сәулетшілер одағының сәулет білімі жөніндегі кеңесі сәулет білімі саласындағы заманауи үрдістерді анықтау мақсатында құрды. XXI ғасырдың басында МООСАО отандық сәулет оқу орындары мен Таяу шетелдіктерден құралған 50-ден астам мүшелерін қамтыды. Уақыт өте келе байқау мазмұндық ауқымын кеңейтті – сәулет бойынша дипломдық жобалармен қатар дизайн бойынша дипломдық жобалар қатыса бастады. Осы жылы байқау Ресейдің Нижний Новгород қаласындағы Нижегород мемлекеттік сәулет-құрылыс университетінде (НМСҚУ) өткізілді.



Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы үздік дипломдық жобалардың байқау-конкурстарына тұрақты қатысып келеді. Сәулет, дизайн және өнер бойынша үздік бітіруші біліктілік жұмыстарының XXVIII халықаралық байқау-конкурсында ҚазБСҚА жоғары нәтиже көрсетті.

Сәулет факультеті бойынша магистрлік диссертацияларды қоса алғанда, 26 жұмыс ұсынылды. Барлық жұмыстар бірінші және екінші дәрежелі МООСАО дипломына ие болды.

*I дәрежелі дипломмен келесі жұмыстар марапатталды:*

- Жарменов Т. С. – Қазақстанның шағын қалаларының жаяу жүру аймақтарын жаңарту (Қаскелең қаласы мысалында) - магистрлік диссертация, жетекшісі Абдрасилова Г. С.;
- Уэн Т. С. - Алматы қаласындағы өнер мектебі - дипломдық жұмыс, жетекшісі Абдрасилова Г. С.;
- Есенжолов Б. Н. - Өнер Орталығы - дипломдық жұмыс, жетекшісі Рысбеков С. С.
- Туйгинбеков У. А. - Милан қаласындағы көпфункционалды орта қабатты тұрғын үй кешені-дипломдық жұмыс, жетекшісі Приемец О. Н.
- Курманали Ж. Г. – Алматы қаласындағы Жастар орталығы - дипломдық жұмыс, жетекшісі Тукаева А. К.
- Ахметжанова А. С.- Алматы қаласындағы Жастар мәдениет сарайы - дипломдық жұмыс, жетекшісі Приемец О. Н.
- Утяшева А. К. - Жасыбай көлінің жағалауындағы санаториялық-курорттық кешен-дипломдық жұмыс, жетекшісі Абдрасилова Г. С.
- Максим А. Н.- Алматы қаласындағы көпфункционалды қоғамдық орталық - дипломдық жұмыс, жетекшісі Приемец О. Н.

- Бактыбаева Г. А. – Көпфункционалды тұрғын үй кешені - дипломдық жұмыс, жетекшісі Приемец О. Н.
- Арон А. Б.- Санаториялық-сауықтыру кешені - дипломдық жұмыс, жетекшісі Ким В. А.
- Дарыбаева Ж. Ш. – Балалар шипажайы - дипломдық жұмыс, жетекшісі Абдрасилова Г. С.
- Куандык А. М.- Алматы қаласындағы қарттар үйі - дипломдық жұмыс, жетекшісі Байтенов Э. М.
- Махамадходжаева Д. Ж. - Жаңа қоғамдық – іскерлік орталық құрылысының эскизі-дипломдық жұмыс, жетекшісі Козбагарова Н. Ж.



*II дәрежелі дипломмен келесі жұмыстар марапатталды:*

- Туманчаев А. З.- Тұрғын ауданның сәулеттік-кеңістіктік ортасын қалыптастыру (Атырау қаласы мысалында) - магистрлік диссертация, жетекшісі Абдрасилова Г. С.
- Горячих В. А. - BIM технологияларының жоғары оқу орнында сәулеттік формажаасауды үйретуге әсері - магистрлік диссертация, жетекшісі Исабаев Г. А.
- Елубаева А. Т.- Алматы қаласындағы көпфункционалды тұрғын үй кешені - дипломдық жұмыс, жетекшісі Абдрасилова Г. С.
- Сайбулатов Т. - Алматы қаласындағы жастар көрме орталығы ғылыми-зерттеу орталығы-дипломдық жұмыс, жетекшісі Исходжанова Г. Р.
- Эрва Р. И.- Алматы қаласында 500 орындық туристік қонақ үй - дипломдық жұмыс, жетекшісі О. П. Огай
- Айдарбек Ш.-Алматы қаласындағы балалар емдеу-оңалту орталығы - дипломдық жұмыс, жетекшісі Абдрасилова Г. С.
- Алимжан К. А.- Алматы қаласындағы кибертехнология және робототехника университеттік кешені -дипломдық жұмыс, жетекшісі Тұяқева А. К.
- Абылгазиева А. Ж. - Алматы қаласындағы өнер, сәулет және дизайн орталығы - дипломдық жұмыс, жетекшісі Исходжанова Г. Р.
- Комар А. Н.- Емдеу-сауықтыру кешені - дипломдық жұмыс, жетекшісі Глаудинов Б. А.
- Шабанов В. О.-Тау шаңғысы базасының қонақ үй кешені - дипломдық жұмыс, жетекшісі Ким В. А.
- А. Е. Қыдырбек - Тараз қаласының тарихи-мәдени орталығы - диплом жұмысы, жетекшісі Э. М. Байтенов.

- Таласпаева Д. Ж. – Магистральды аумақты қайта құру - дипломдық жұмыс, жетекшісі Садвакасова Г. К.
- Абдикаримова К. Т. – Магистраль аралық аумақты қалақұрылыстық ұйымдастыру - дипломдық жұмыс, жетекшісі Тұяқева А. К.

*Әдебиет конкурсының қорытындысы бойынша бірінші дәрежелі дипломдарға келесі басылымдар ие болды:*

Г. А. Исабаев. Қазіргі урбанизм: негізгі инновациялар және даму перспективалары. ҚазБСҚА, 2014-18.

*Екінші дәрежелі дипломға ие болғандар:*

- Б. А. Глаудинов. Социализм дәуіріндегі Қазақстан сәулетінің дамуы. ҚазБСҚА, 2019.
- О. Н. Приемец, Қ. И. Самойлов. Алматы сәулетіндегі ою-өрнектің дамуы. ҚазБСҚА, 2014-18.

" Жасанды негізіндегі бақтар " басылымының авторы Н. Ж. Қозбағарова конкурстың лауреаты атағын алды.

**Атагулова Р. А., СФ оқытушысы**